



№76 (9963)
26 қыркүйек
сейсенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жауапкершілік



Сапар



Денсаулық – ең басты құндылық

Өткен аптада облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет жұмыс сапарымен ауданға келді. Сапар барысында ол «ID Senim» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің гемодиализ орталығы жұмысымен танысты.

Облыс әкімінің орынбасары жұмыс сапары барысында аудандық аурухананың қызметімен, жаңадан орналастырылған медициналық құрылыстардың жұмысымен танысты. Мейрамбек Зинабдинұлы өз сөзінде орталық ем алушы тұрғындар үшін сапалы әрі уақытылы қызмет көрсету қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ ол «ID Senim» ЖШС-ның гемодиализ орталығы тұрғындар үшін сәтті жоба болғанын айтып, орталықтың алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Жалпы құны 102 млн теңгені құрайтын «ID Senim» ЖШС-ның гемодиализ орталығы бүйрек ауруын жақсартуға көмек береді. Бүгінгі таңда орталық 11 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Орталықтың негізгі қызметі диализге және трансплантацияға дейінгі ауқымды қамтиды және бүйрек ауруын емдеуге бағытталған. Бүгінде аудан тұрғындары гемодиализ орталығының игілігін көруде.

Айта кетейік, қазіргі таңда аудан тұрғындарына орталық аурухана, аудандық емхана, 12 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет және 2 медициналық бекет қызмет көрсетеді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясында республикалық бюджеттен 752,8 млн теңге бөлініп, Мырзабай ахун және Есет батыр ауылдарында жаңа дәрігерлік амбулатория құрылысы қарқынды жүруде.

«ЖЖ» ақпарат

Спорт жаңалықтары



Азия ойындарынан ақжолтай хабар

Ханжоуда өтіп жатқан XIX Азия ойындарында Қазақстан құрамасының дзюдошысы, жерлесіміз Мағжан Шамшадин мен Абылайхан Жұбаназар қола медаль иеленді.

Мағжан Шамшадин жартылай финалда Оңтүстік Корея спортшысы Харим Лиге есе жібергенімен, тәжікстандық палуаннан айласын асырды. Үшінші орын үшін белдесуде ол 60 келі салмақта тәжікстандық Мерзод Суфиевтен басым түсіп, ел қоржынына қола салды.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мағжан Шамшадин – «ГРАНД СЛАМ» халықаралық турнирінің және Әлем Кубогының жеңімпазы.

Дзюдодан 81 келіде өнер көрсеткен Абылайхан Жұбаназар қола үшін белдесуде өзбекстандық Мусо Собировтан басым түсті.

Айта кетейік, Ұлттық құрамаңың қоржынына алғашқы медальды дзюдошы Әбиба Әбужақынова салды, яғни ол күміс жүлдеге қол жеткізді. Сондай-ақ қазақстандық Елена Потепенко Ханжоудағы Азия ойындарында заманауи бессайсы бойынша әйелдер арасында жеке кейде 5 орынға ие болып, 2024 жылы Францияда өтетін Олимпиада ойындарына жолдама алды. Ал жүзуден Әділбек Мусин мен Аделаида Пчелинцева Қазақстанның рекордын жаңартты.

«ЖЖ» ақпарат

Еңбек адамы

Комбайншы Мұсабек

ҚР Президентінің 2013 жылғы 22 қарашадағы №698 Жарлығымен Қазақстанда қыркүйек айының соңғы жексенбісі «Еңбек күні» мерекесі болып белгіленді. Содан бері еңбек адамдарын ынталандыру, қарапайым жұмысшылардың мәртебесін көтеру және оған жастардың назарын аудару мақсатында жыл сайын аталған мереке өз деңгейінде ұлықталып жүр.

«Бұл – мемлекетіміздің тұрақты дамуына жасампаз ісімен үлес қосып келе жатқан нағыз еңбекқор жандарды ұлықтауға арналған маңызды мереке. Олар туған елдің жарқын болашағы үшін күн сайын тынбай еңбек етіп, отаншылдықтың озық үлгісін көрсетіп жүр.

Адал азаматқа тән еңбекқорлық, іскерлік, жауапкершілік, білімпаздық және жақсыдан үйрену, жаманнан жірену сынды асыл қасиеттің бәрі шынайы еңбек адамының бойынан табылады. Сондықтан өз ісінің майталмандары қашанда қоғамның назарында болуға тиіс. Ал жастарымыз соларға қарап бой түзеуі керек.

Халқымыз «Еңбек – адамның көркі, адам – заманның көркі» деп бекер айтпаған. Шын мәнінде, адал еңбек – бүкіл жетістіктің бастауы, табысқа жетудің кілті. Мемлекет осы басты қағидат барлық жерде салтанат құруы үшін бәрін жасайды» деп Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек адамдарының қоғамдағы рөлін ерекше атап өтіп жүр.

Иә, адамды адам еткен – еңбек. Ол – дәуірлер бойы дәлелденіп келе жатқан дүние. Ердің елге танылуы да сол еңбектің арқасы. Оның айқын дәлелі – қоғамда өзінің адал маңдай терімен жұмыс жасап жатқан өзіндік орны мен беделі бар шаруақор жандар.

Осы орайда еңбек дәстүрлерін дәріптеу және еңбек адамдарын ұлықтау, сонымен қатар жастарды еңбекке құрметпен қарауға шақыру аясында біздің басылым да ауданда маңдай терімен еңбек етіп, тасада қалып қойып жүрген азаматтарымызды

газет бетіне үздіксіз шығаруда. Бүгінгі кейіпкеріміз – «Байтабын» шаруа қожалығының комбайншысы Мұсабек Сәменов.

Ол мектеп бітірісімен осы шаруа қожалыққа жұмысқа орналасып, бүгінде ел ырысы мен берекесі үшін аянбай еңбек етуде. Жақында шаруа адамының жұмысымен танысуға алқапқа барған болатынбыз. Қызу тірліктің үстінен түсіппіз. Мақенмен сұхбат құрудың сәті түсе қалды. Оның егін саласында еңбек етіп жүргеніне биыл 24 жыл болыпты.

– Шүкір, биыл Сыр салысының шығымы жаман емес, алғашқы орақты 1 қыркүйекте салдық. Бастысы, еткен еңбек далаға кетіп жатқан жоқ, соған шүкір дейміз. Межелі өнімге қол жеткізбесек, одан төмен астық жинамайтын сияқтымыз. Өнімді ысырапсыз жинап алсақ болды. Күніне 30-45 гектар жерді орамын. Қиын емес. Өйткені алқапта ескі техника атауымен жоқ. Жалпы бригадамызда 4 комбайн бар, барлығы қазіргі үлгідегі озық технологиялар. Комбайнда магнитофон, салқындатқыш бар, онда адамның жайбарақат жұмыс істеуіне жағдай жасалған. Өзіміздің жұмысыма көңілім толады, бастысы, адал еңбекпен ас ішкенге не жетсін – деп ағынан жарылды еңбек адамы.

Өз басым ерінбей еңбек етіп, адал маңдай термен тірлік етіп жүрген жанның бәрін еңбек адамы деп білемін. Иә, күнкөрістің қамын күйттеп, тіршіліктің күйбенең қолы босамайтын жандарға деген қоғамның құрметі де ерекше болары сөзсіз.

«Біз кішкентайымыздан еңбекқор кісілерді көріп өстік, өзіміз де еңбекке



ерте араластық, жаман болған жоқпыз. Ол қоғамның жұмысы ма, елге ортақ іс пе, еш қажымайтынбыз. Әкелеріміз ертелеу-кеш колхоз, совхоздың тракторын айдап, малын бағып келетін де, үйдің шаруасына білек сыбана кірісіп кететін. Аналарымыз да сондай еді. Таң ата тұрып, сиырын сауып, өріске айдап, бала-шағасының ас-суын беріп, отағасын жұмысқа жөнелтіп, со-

сын өздері картоп төруге немесе ұстаз болса, балаларды білім нәрімен сусындатуға кете баратын» деп кейде ата-әжелеріміз еңбек адамының үлгісін еске алып, тілге тиек етіп отыратын.

Міне, біз осы кісілерден үлгі алып, жұрттың жүрегінен орын алатын еңбек адамының образын жоғалтпауымыз керек.

Жандос ЖАЗКЕН

Сұранысқа сай сапалы өнім

Ауданда кәсіпке бет бұрып, табысқа кенелуді көздеген жандардың қатары артып жатыр. Әлбетте өңірде салада серпін қалыптасқаны өзімізге тиімді. Қазір қарапайым халық аталған саланы қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламаларды өз пайдасына жаратқысы келеді. Яғни жеңілдетілген несиелер алып, кәсіп ашуға елде ынта жоғары. Қолда бар қаражатпен кәсіп ашып, жұмысын жандандырып жатқандар да жоқ емес. Әлеуметтік әлеуетін көтеруде екеуі де ерекше маңызға ие. Өйткені өңірде кәсіпкерлік жанданса, аудан экономикасында тұрақты өсім қалыптасады, бір жағынан жұмыссыздық мәселесіне жол бермеуге де кәсіптік нысандардың артуы оң әсерін тигізгі анық.

Иә, аудан аграрлық өңір болғандықтан бізде егін және мал шаруашылығы қарқынды дамыған. Жем-шөптен тапшылық болмағасын халықтың көбі мал шаруашылығы саласында кәсіп бастауға бейім тұр. Бірақ басқа салаларда іс бастап, кірісін еселеп отырғандар да жоқ емес. Бұдан біз жалағаштықтардың іс бастар алдындағы мақсатының өзгергенін аңғарамыз. Яғни қазір халық ауданда соңғы жылдары қолға алынбаған немесе саны аз кәсіптік бағытты тандап, пайдаға кенелуді көздейді. Іскер азаматтардың бұл бір жағынан тауарды өткізуге де қолайлы екеніне көзі жеткен. Кент тұрғыны Дәуренбек Алтыбаев та осыдан бірнеше жыл бұрын қолға алған жобасының жемісін әлі күнге дейін көріп келеді.

Бұрын елордадағы пластик есік-терезе өндіретін цехта жұмыс жасаған кейіпкеріміз Сыр бойында өнімнің бұл түріне деген сұраныстың жоғары екенін байқайды. Осылайша туған жерге келіп, бұған дейін жалақысынан үнемдеп жинаған қаражатына қажетті құрал-жабдықтар алып, кәсіпке кіріскен.

– Астана қаласындағы есік-терезе өндіретін цехта жұмыс жасайтын кезде тұтынушыларымыздың көбісі сұрыбылдықтар болатын. Осыдан-ақ Қызылордада пластик есік-терезеге деген сұраныстың жоғары екенін аңғарды. Туған жерім Жалағашқа келіп, осы салада өнім өндіретін цех ашуды жоспарладым. Бастапқыда ертеңгі күні

тапсырыс болмай жатса, кәсібім жүрмей, бизнесім аяқсыз қалады-ау деп еш уайымдаған жоқпын. Себебі мен цех ашу үшін айтарлықтай қомақты қаражат жұмсмадым. Небәрі екі аппарат пен аз ғана шикізат алып, ісімді бастап кеттім. Кейін жұмысым жүріп, сұраныс артқан сайын өз ісімді ерістетте бастадым. Қазір жаман емес, кәсібімнің арқасында үлкен пайдаға кенеліп жатырмын. Бастысы, мемлекетке салмақ салмай, өз-өзімді жұмыспен қамтып отырмын. Өнімнің бұл түріне әлі де сұраныс жоғары. Уақытпен санаспай, барынша тұтынушы талабына сай өнім шығаруға күш салып жатырмын. Қазір нағыз құрылыстың қызып тұрған шағында тапсырыс саны да артып келеді. Тұтынушыларым да риза, мен де жеке табысыма қол жеткізіп жатырмын. Бұйыртыса, тағы да қосалқы аппараттар алып, цехта өндірілетін өнім түрлерінің санын көбейту жоспарда бар, – дейді «Димаш» ЖК-ның басшысы.

Үй ауласының жанынан ашылған цехқа келіп жатқан тұтынушылар санының көбіне біз де көз жеткіздік. Бар-жоғы екеуара болған 20-25 минуттық диалог барысында 9 адам 18 терезе, 7 есікке тапсырыс беріп кетті. Іскер азамат бұл тауар түрін шикізат көзі келген бойда 8 күн ішінде дайындай алатынын айтып отыр.

Қазіргі таңда «Димаш» ЖК-да өндірілген өнім түріне тек кент орталығынан ғана емес, ауылдық округтерден және көршілес Қармақшы, Сырдария аудандарынан да тапсырыс түседі.



Салада 20 жылға жуық тәжірибесі бар кейіпкеріміз көбіне тұтынушылар тұркиялық тауар түрін тандағандықтан шикізат көзін де сол жақтан тапсырыспен алдырады. Пластик есік-терезелердің әйнектері де сырттан келеді екен. Қазіргі таңда кәсіпкер тұтынушы талабына сай есік-терезелердің шаршы метріне 27 мың теңгеден тапсырыс алуға. Мұндағы тауарлар бағасындағы сәл қымбатшылықты Дәуренбек Алтыбаев цехқа жеткізілетін шикізат көзімен байланыстырады.

– Рас, соңғы жылдары пластик есік-терезелердің бағасы сәл қымбаттады. Мұның бәрі келетін шикізат бағасымен байланысты. Себебі олардың бағасында да өсім қалыптасып отыр. Сондықтан біз де өндірген өнімнің бағасына өзгеріс енгіземіз. Егер келетін шикізат көзі арзандаса, біз де есік-терезелердің

бағасын түсіруге тырысамыз. Әзірге оған мүмкіндік болмай отыр. Кейбір тұтынушылардың жағдайына қарап, қалтасы көтерген бағаға да жасап берген күніміз болды. Алып кәсіпорынның иесі емесің, бірақ шама-шарқымыша ауданда өтіп жатқан қайырымдылық шараларынан құр қалмаймын. Себебі мен осыған дейін қандай жетістікке жетсем, соның бәрін жасаған жақсылығыммен байланыстырамын, – дейді Дәуренбек Алтыбаев.

Кәсіпкер алдағы уақытта өндіріс орнын кеңейтуді көздеп отыр. Яғни қосымша қаражат болған жағдайда цехқа қажетті басқа да заманауи аппараттар алып, өндіретін өнім түрінде өсім қалыптастырмақ. Әзірге оған қаражат жағы қолбайлау болып тұр.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Аппарат

Сегіз айлық сараланды

Биыл 8 айда ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3 261-ге жеткен. Қазіргі таңда оның 95 пайызы нақты жұмыс жасап тұр. Бірақ 161 кәсіпкерлік субъектісі жұмысын тоқтатқан. Жыл басынан бері тіркелген кәсіпкерлік субъектілері 177-ге көбейген. Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Жасулан Еспенбет осылай деді.

Күн тәртібіндегі 3 мәселе қаралған жинауда алдымен аудандағы кәсіпкерлік саласының даму барысы баяндалды. Жасулан Ерданұлы оң динамикалық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін алдымен кәсіпкерлік саласының дамуына аса мән беру қажеттігін айтады.

Биыл ауданда саланы дамыту бағытында атқарылатын жұмыстардың іс-шаралар жоспары бекітілген. Оны орындауға кент және ауылдық округ әкімдеріне желтоқсанға дейін арнайы жоспар берілді. Сол іс-шаралар жоспарының 1 тармағына сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің халық санына шаққандағы үлесін 9 пайызға жеткізу туралы тапсырма да бар. Бүгінге дейін аталған көрсеткіш Жалағаш кенті мен Бұқарбай батыр, Жаңадария және Таң ауылдық округтерінде ғана орындалған. Бөлім басшысы Аққұм, Аққыр, Ақсу, Аламесек, Еңбек, Жаңаталап, Қаракетек, Мақпалкөл, Мәдениет, Мырзабай ахун, М.Шәменов ауылдарында кәсіпкерлік субъектілерінің халық санына шаққандағы үлесі 9 пайыздан төмен екенін жасырмады. Сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында жыл басынан бері Еңбек ауылдық округінде ешқандай жоба қаржыландырылмаған.

Іс-шаралар жоспарында елді мекендерде жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің үлесін 95 пайызға жеткізу туралы тапсырма да бар. Қыркүйек айына дейінгі мөлметке сүйенсек, аталған көрсеткіш Аққыр, Жаңадария, Мақпалкөл, Таң, Мырзабай ахун, Мәдениет, Ақсу, Жаңаталап, Қаракетек, М.Шәменов, Еңбек ауылдық округтерінде 95 пайыздан жоғары. Ал Жалағаш кенті мен Аққұм, Аламесек, Бұқарбай батыр ауылдық округтерінде жұмыс жасап

тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі 95 пайыздан төмен. Осы ретте бөлім басшысы 4 елді мекен әкімінің мәселеге жұмыс жасау қажеттігін қаперіне салды.

Биыл салаға 18 млрд 769 млн теңге инвестиция тарту жоспарланған. 8 айда негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 10,2 млрд теңгені құрады. Осылайша өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда жеке 200 пайызға орындалып отыр. Бөлім басшысы жыл қорытындысымен инвестиция көлемін 21,7 млрд теңгеге жеткізуді жоспарлап отырғанын айтады.

Ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері, кәсіпорындары және жеке секторлары арқылы 8 айда 22 млрд 382 млн теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілген. Бұған қатысты жеке де өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 144,5 пайызға жоғары орындалған.

Жасулан Ерданұлы өнеркәсіп өнімдері негізінен «Шилі жарығы», «ОДСП Арал», «Nomad Solar», «Колжан», «Сыр медиа», «Қызылорда газ тарату жүйесі», «Сыр арна» ЖШС тапсырған есептіліктері арқылы қалыптасатынын айтады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің көлемі 27,8 пайызға артып, 5 млрд 535 млн теңгенің өнімі өндірілген.

Өңдеу өнеркәсібінің көлемі «Талапкер», «Таң ЛТД», «Өркен-Әлем», «Мақпалкөл», «Аққұм-Жер», «Агрохимсервис-С», «Арман СОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің өндірген өнімдерінің көлемімен орындалуда. Сонымен қатар аудан бойынша бөлшек сауда айналымының көлемі 8 айда 1 млрд 966 млн теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 103,3 пайызға орындалып отыр, — дейді бөлім басшысы.

Айта кетейік, мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау немесе жұмыс істеп тұрған кәсібін әрі қарай дамыту бағытында ауданда жыл басынан бері 111 жоба 2 млрд 814,1 млн теңгеге қаржыландырылған. Оның ішінде мал шаруашылығы бойынша 75 жоба 565,6 млн теңгеге қаржылай қолдау тапса, егін шаруашылығы бойынша 18 жоба 1 млрд 412,5 млн, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу бойынша 9 жоба 244 млн, өңдеу саласы бойынша 4 жоба 41,5 млн, қызмет көрсету бойынша 5 жоба 550,5 млн теңгеге қаржыландырылған.

2022-2025 жылдарға арналған «Ұлттық жоба» мемлекеттік бағдарламасы аясында өкіші деңгейлі банк арқылы несиенің пайыздық үстемасын субсидиялау бойынша 9 жоба 761,7 млн теңге қаржылай қолдау тапқан. «Аграрлы Несие Корпорациясы» АҚ-ның облыстық филиалы қаражаты есебінен 51 жоба 537,7 млн теңгеге қаржыландырылған. Ал «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» микро-қаржы ұйымы» ЖШС-ның «Іскер», «Микробизнес Қызылорда» бағдарламасы аясында 28 жобаға 273,5 млн теңге қаралған. Мұнан бөлек «Агробизнес» бағдарламасы аясында «Ауыл» несиесі серіктестігі» ЖШС арқылы 21 жоба 1224,7 млн теңге қаржылай қолдау тауып, «Қаз Агро Қаржы» АҚ және «Ком Транс Лизинг» ЖШС арқылы 2 жобаға 16,5 млн теңге қаралған.

Ауданда жастарды 2,5 пайыздық несиенімен қаржыландыру мақсатында «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ-ға жалпы құны 144,9 млн теңгені құрайтын 30 жоба ұсынылған. Жасулан Ерданұлы мұнан бөлек Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі



халық табысын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар жүріп жатқанын айтады.

Бүгінге дейін «Байқоңыр ӘКК» АҚ өндіріс, қызмет көрсету, өсімдік бағытындағы жалпы құны 65,5 млн теңгені құрайтын 7 жобаны мақұлдапты. Оның ішінде өсімдік саласы бойынша 3 жоба 25 млн теңгеге қаржыландырылса, өңдеу саласындағы 3 жобаға 32 млн теңге қаралған. Ал қызмет көрсету саласы бойынша 1 жоба 8,5 млн теңге қаржылай қолдауға ие болған.

Айта кетейік, ауданда шағын кәсіпкерлік субъектілерін біріктіру арқылы 13 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылған. Кооперативтер бойынша 283,2 млн теңгені құрайтын 41 жоба «Байқоңыр ӘКК» АҚ-ның өзге облыстардан немесе шетелден асыл тұқымды мал әкелу жөніндегі талаптарына сәйкес іріктелген. Бөлім басшысы қазіргі таңда 62,6 млн теңгені құрайтын 9 жобаның құжаттары қайта жасақталғанын айтады.

Биыл ауданда жалпы құны 1 млрд 902 млн теңгені құрайтын 21 жобаны іске асырып, 106 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Қазіргі таңда аталған жобалардан жалпы құны 554 млн теңгені құрайтын 12 жоба іске қосылып, 63 адам жұмыспен қамтылды. Олардың қатарында А.Ермекебаевтың антифриз өндіру цехы бар, жоба құны — 15 млн теңге, кәсіпкер қазіргі таңда 2 адамды жұмыспен қамтып отыр. Сондай-ақ Б.Айбекованың «Жеті-қазына» 120 орындық балабақшасы да бар, жоба құны 200 млн теңгені құрайды. Балабақшада бүгінгі таңда 18 адам жұмыс жасайды. Аудандағы 50 орындық «Арун KIDS» балабақшасы да жұмысын бастады. Жоба құны — 30 млн теңге. Қазіргі таңда онда 9 адам жұмыс жасайды. Мұнан бөлек жалпы құны 100 млн теңгені құрайтын «Сыздық» ШҚ-ның тәулігіне 60 тонна күріш ақтау және жем өндіру зауытында 8 адам жұмыс жасайды. Басқа да бірнеше жоба жүзеге асып, қаншама адам жұмыспен қамтылды, — дейді Жасулан Ерданұлы.

Бөлім басшысының сөзіне сәйкес, жыл соңына дейін жалпы құны 1 млрд 388 млн теңгені құрайтын 9 жобаны іске қосу жоспарда бар екен. Егер жеке толық жүзеге асса, 43 жаңа жұмыс орны ашылады.

Биыл ауданда 1 млрд 30 млн теңгені құрайтын екі жоба жұмысын бастайды. Олардың қатарында «Бақдаулет-57» фермер қожалығының жалпы құны 530 млн теңгені құрайтын 100 бас ірі қара малына арналған сүт фермасы бар. Жоба іске қосылған уақыттан бастап ауданда тәулігіне 3 мың литр сүт өнделеді.

Бүгінде сүт фермасының негізгі ғимараттарының құрылысы аяқталған. «Аграрлы несиесі корпорациясы» АҚ арқылы 364 млн теңге несиесі берілген. Жоба ісін жеке қаражат есебінен 166 млн теңге бөлген Жарқын жоба желтоқсанда толық іске қосылып, 10 жаңа жұмыс орны ашылады. Қазіргі таңда Чехия мемлекетінен сүтті ірі қара өкелу бағытында екіжақты келісімшарт жасалуда.

Мұнан бөлек «AB-AGRO» ЖШС-ның құны 500 млн теңгені құрайтын тәулігіне 30 тонна күріш ақтау және жем өндіру зауыты да бар. Қазіргі таңда негізгі өндіріс ғимаратының құрылысы аяқталып, құрал-жабдықтарды орнату жұмыстары жүргізілуде. Зауыт жұмысын қараша айында бастайды. Жоба іске қосылған уақытта тәулігіне 30 тонна ақ күріш шығарып, 5 тонна жем өндіреді. Кәсіпорын қараша айында толық іске қосылып, 5 адам жұмыспен қамтылады.

Жыныда Асқарбек Темірбекұлы кәсіпкерлік әлеуметтік әлеуетін көтеруде, елді мекендердің еңсе тіктуінде ерекше маңызға ие болғандықтан саланы ілгерілетуде кемшіліктерге жол берілмеу қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ саланы дамытуға бағытталған жеке де төмен көрсеткіш болмау қажеттігін қатаң ескертті.

Биылтыр республикалық және облыстық бюджеттен Мәдениет пен Аққұм елді мекеніне су тарату жүйесін аулашылқ су тарату желісін кеңейту, тұтынушыларға су тарату желісінің құрылысына қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары биыл да жалғасқан. Аққұмдағы 1 жоба мамыр айында пайдалануға берілді. Ал Мәдениет елді мекенінде су тарату жүйесін аулашылқ су тарату желісін кеңейту, тұтынушыларға су тарату желісінің құрылысы маусымда аяқталуы тиіс еді. Жоба уақытында ел игілігіне іске қосу жоспарда бар екен. Егер жеке толық жүзеге асса, 43 жаңа жұмыс орны ашылады.

данған. Қазіргі таңда азаматтық іс әлі де қаралуда. Бірақ мердігер мекеме тарапынан бүгінде қалып тұрған жұмыстар толық аяқталыпты. Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Таңатар Доспанов бұл жоба қырқықта қабылданатынын айтады.

Аудандағы құрылыс қарқынын баяндаған бөлім басшысы өңірде мұнан өзге де жобалар жүзеге асып жатқанын жасырмады. Олардың қатарында аудан әкімдігінің ғимаратын табиғи газ жүйесіне қосу, «Ақтерек» уәдесіне инженерлік-инфрақұрылым жүргізу жобалары бар.

Бөлім басшысы халықтың өсу тенденциясына орай тұрғын үй салу үшін жер телімдерін сурау өтініштері күн сайын артып жатқанын айтады. 2017 жылы «Ақтерек» жер учаскесіне түбегейлі жоспарлау жобасы әзірленген. Онда тұрғын үй салу үшін 511 жер телімі халыққа табысталды. Инженерлік-инфрақұрылым жүргізу мақсатында су ұңғымалары және су жинау-тарату кешеніне, тас жолдар, газ желісі, электр желісі мен ауыз су желілеріне жобалар әзірленіп, республикалық және облыстық деңгейде құрылыс жұмыстарына қаржы бөлінген. Былтыр желтоқсанда электр желілері қабылданып, су ұңғымалары және су жинау-тарату кешені 2023 жылдың мамыр айында пайдалануға қабылданды. Ауыз су желілері биыл мамыр айында қабылданған. Ал газ желісінің құрылысы жыл аяғына дейін аяқталды.

Бөлім басшысы мұнан бөлек ауылдық елді мекендердегі құрылыс қарқынын да назардан тыс қалдырмады. Аудан әкімі барлық нысанды саларда сапаға ерекше мән беру қажеттігін қаперге салды. Жыныда соңғы мәселе бойынша баяндама жасаған аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы Ғабит Ерболұлы ауданда жүріп жатқан санитарлық тазалық жұмыстарын кеңінен тарқатты. Аудан әкімі бұл бағыттағы жұмыстарды өлі күшейту қажеттігін қаперге салып, барлық жұмыста бірінші кезекте сапаға аса мән беру қажеттігін қатаң ескертті.

Ерданұлы АСҚАРБЕК



Жолдауға қолдау

Саяси құжат салаға серпін береді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын арнады. Саяси құжатта белгіленген жаңа мақсаттар азаматтардың әл-ауқатын арттыруға арналғаны, бүгінгі қоғамның бірқатар өзекті мәселелерін шешуге бағытталғаны қуантарлық жағдай. Сондай-ақ онда еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартудың тың жолдары айқындалып, заманауи жобаларды жүзеге асыру ісі жоспарланды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында қазіргі таңда көптеген әлеуметтік мәселелердің шешімін тауып жатқанын атап, білім саласына да тоқталды. Онда еліміздің білім беру жүйесінің барлық салаларына қатысты мәселелер қамтылған. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс. XXI ғасыр — білім мен біліктілікті сыңға түсетін тарихи уақыт. Сол себепті өскелең ұрпақтың білім алуына толыққанды жағдай жасағанда ғана халқымыз табысты ұлт деңгейіне көтерілмек.

«Осы орайда халықтың тұрмыс саласына тікелей әсер еткен кейбір шараларды ерекше атап өткім келеді. Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді,

тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор — балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды.

Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл Мемлекет басшысының білім саласына деген демеуі деп білеміз. Сондықтан білім саласындағы барша қызметкерлерді Жолдауда айтылған әр бастамаларды қолдауға және бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру ауданда да бастау алды. Оның аясында 740 мың орынға арналған 369 мектеп салынатын болса, бұл бойынша Жалағаш кенті орталығынан 300 орындық жаңа мектеп салу жоспарлануда. Қазіргі таңда 1,3 га жер телімі белгіленді. Биыл жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, 2024 жылы мектеп құрылысы басталады.

Биыл колледж студенттерінің шәкіртқақысы 30 пайызға өсуде. Бұл білім саласына көрсетілген қолдау және білім алушы жастарға үлкен мотивация деп білемін.

«Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп Маржан Жұмабаев айтқандай, шәкірттерін терең біліммен қаруландырып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруде ұстаздардың еңбегі зор. Қазақ халқы сонау ертеден білім нәрімен сусындатқан ұлағатты ұстазына деген құрметін аямаған. Мемлекет басшысының Жолдауында ұстаздардың абыройы мен беделін арттыру бағытында біршама өзгеріс болатыны айтылды.

Бұдан бөлек Мемлекет басшысының Жолдауында еліміздің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары туралы айтылып, ел дамуының жаңа міндеттері айқындалды. Саяси құжат еліміздің әр саласына жаңа серпін беретіні анық.



Мұнан бөлек денсаулық, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік, экономика саласы, бір сөзбен айтқанда, барлық сала қамтылды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы IT саласына да баса көңіл бөлу қажеттігін атап өтті. Шын мәнінде бұл сала ел болашағы үшін

аса маңызды. Сондықтан өскелең әлеуметтік-экономикалық дамуының басын бағыттары туралы айтылып, ел дамуының жаңа міндеттері айқындалды. Саяси құжат еліміздің әр саласына жаңа серпін беретіні анық.

Мұнан бөлек денсаулық, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік, экономика саласы, бір сөзбен айтқанда, барлық сала қамтылды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы IT саласына да баса көңіл бөлу қажеттігін атап өтті. Шын мәнінде бұл сала ел болашағы үшін

аса маңызды. Сондықтан өскелең әлеуметтік-экономикалық дамуының басын бағыттары туралы айтылып, ел дамуының жаңа міндеттері айқындалды. Саяси құжатта айтылған әрбір ұрпақтың осы саладағы жетістіктерін де арттыру қажет деп ойлаймын.

Айтылған мәселелердің уақытылы орындалуы үшін баршамаз күш біріктіруіміз қажет. Айқын мақсат пен мазмұнды жобаларды жүзеге асыруда жемісті еңбек етіп, Жолдаудың орындалуына үлес қосу — ортақ міндетіміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді бірге өркендетіп, Әділетті Қазақстанды бірге құруға шақырды.

Бейбітжан ШІЛДЕБАЕВ, Білім саласының ардагері

Конференция

«Аманат» партиясы аудандық филиалының кезектен тыс XXXVIII конференциясы өтті. Күн тәртібінде партияның аудандық филиалы төрағасын сайлау, саяси кеңес құрамына өзгерістер енгізу мәселелері қаралды. Конференцияға арнайы облыстық филиалдың атқарушы хатшысы Ләйле Төрешова, сонымен қатар бастауыш партия ұйымының жетекшілері, партия ардагерлері, аудандық мәслихаттағы «Аманат» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері, партия белсенділері, «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері мен БАҚ өкілдері қатысты.



Партия филиалының төрағасы сайланды

«Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагул Мұстафаева модераторлық жасаған жиында қатысушылар алдымен партияның аудандық филиалы төрағасын сайлау мәселесін қарады. Осы уақытқа дейін партия филиалының төрағасы қызметін атқарған Жақсылық Әдембаевқа алғыс білдіріп, партия филиалының жаңа төрағасы лауазымына аудандық мәслихат төрағасы Елеусінов Өмірзақтың кандидатурасы ұсынылып, жиынға қатысушы делегаттардың ашық дауыс беруі арқылы қолдау тапты. Өз кезегінде жаңа төраға партияластарының өзіне артық сеніміне ризашылығын білдіріп, бірлесу жұмыс жасауға шақырды.

Жақсылық Нұрбайұлы – «Өркен Елем» ЖШС директоры, «Аманат» партиясы атынан сайланған VII шақырылымдағы Қызылорда облыстық мәслихат депутаты. Партияның «Бақытты отбасы», «Кедегерсіз келешек», «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобалары аясында түрлі форматта іс-шаралар ұйымдастырып, жоғары деңгейде өтуіне атсалысты. Партияның ұйымдастыруымен Жаңадария ауылдық округінде өткен мобильді қоғамдық қабылдау барысында түскен ауылдық клуб қызметкерлерінің өтініші орындау мақсатында Жаңадария ауылдық клубының 13 қызметкеріне сахналық киім тігіп беріп, демалушылық жасады. Сонымен қатар өліміздің басына күн туған уақытта, яғни қуаныштық жайлаған Арал ауданына, табиғи апатқа ұшыраған Қостанай облысына, жылусыз қалған Екібастұз қаласына қажетті көмек

ұйымдастырып, азаматтық ұстанымын білдірді. «Баланы мектепке даярлайық» республикалық акциясы аясында быыл 80 оқушыға оқу-құралдары салынған сөмке мен киімдер сыйға тартса, бытыр 150 оқушыға, 2021 жылы 32 оқушыға мектеп формасын тігіп берді.

Жиын барысында сөз алған облыстық партия филиалының атқарушы хатшысы Ләйле Беғалықызы партия филиалы төрағасы қызметін атқарған Жақсылық Нұрбайұлына облыстық партия филиалының алғыс хатын табыстап, атқарған жұмыстары үшін ризашылығын білдіріп, жаңадан сайланған төраға Өмірзақ Тұрымбетұлының жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ ол партияның саяси тұғырнамасы мен сайлауалды бағдарламасында айқындалған өліміз бен аймағымыздың табысты дамуына бағытталған міндеттері, мәслихаттардағы партия фракциясы, сайлауалды бағдарламаны іске асыруға арналған Жол картасының әрбір индикаторы, сайлау науқаны кезінде тұрғындардан түскен

талап-тілектердің орындалуы, «Аманат» партиясынан сайланған барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының алғашқы республикалық форумында мәслихаттар жұмысындағы өзгерістерді ілгерілету мен өкілеттіктерін кеңейту мәселелері, қоғамдық қабылдау жұмысы, «Ауыл аманаты» және «Жер аманаты» туралы бірқатар міндеттерді айтып өтті.

– Біздің жетістігіміз ортақ. Дегенмен бұл жетістік өз кезегінде бізге үлкен жауапкершілік те жүктетінін ұмыт-паймыз керек. Ендігі міндетіміз – халық аманаты мен сеніміне адал болып, тәуелсіздігіміздің тұғырлы, елдігіміздің тұғырлы болуы мен мемлекетіміз бен аймағымыздың қарқынды дамуы бағытындағы жұмыстарды белсенді жүргізу – деді Ләйле Төрешова.

Конференцияда партияның алғашқы құрылған жылдары жетекшілік жасаған партия ардагері Кенжеғара Сүлейменов аудандық партия филиалында 100-ден астам мүшесі бар ұйымның, қазіргі күні 3 мыңнан астам партия мүшесі

бар іргелі ұйымға айналып, 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасы еліміздің әрбір азаматының мүддесін ескергенін жеткізіп, осы уақытқа дейін партияның аудандық филиалына төрағалық еткен Жақсылық Нұрбайұлына алғыс білдіріп, жаңадан сайланған Өмірзақ Тұрымбетұлына сәттілік тіледі.

Партияның аудандық филиалы төрағасы Өмірзақ Тұрымбетұлы өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқаруға және алдағы уақытта барша партияластарды бірлесу жұмыс жасауға шақырды.

Күн тәртібіне қойылған екінші мәселе бойынша партияның аудандық филиалы саяси кеңесінің құрамы делегаттардың ашық дауыс беру нәтижесі бойынша жаңартылды. Конференция Өмірзақ Тұрымбетұлының төрағалығымен өткен саяси кеңестің кеңейтілген отырысына ұласып, саяси кеңес пен бюро құрамына да өзгерістер енгізілді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Кеңес

Маңызды мәселелер қаралды

Өткен аптада аудандық қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Оған қоғамдық кеңес мүшелерімен қатар бөлім басшылары да қатысты. Кеңес отырысын төраға Бейбітжан Шілдебаев жүргізді.



Әдеттегідей кеңес отырысы күн тәртібіндегі мәселелерді қараумен басталды. Ең алдымен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының аудандық бөлімдерінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру жайы айтылды. Бұл жөнінде баяндама жасаған Халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы Әділжан Серікұлы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамның аудандық бөлімінде бүгінде сапалы қызмет көрсетіліп жатқанын жеткізді. Жалпыға бірдей қолжетімді әрі тиімді қызмет ұсыну үшін жұмыс жасалғанын айтып, сала бойынша быыл 8 айда атқарылған жұмыстарды саралады. Бөлім бойынша есепті мерзімде тұтынушылар тарапынан мемлекеттік қызмет сапасына байланысты заңды тұлғалардан арыз-шағымдар түспеген.

Кеңес отырысында аудандық әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімі басшысының міндетін атқарушы Алмагул Омарова да атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды. Оның айтуынша, есепте тұрған барлық зейнеткерлердің зейнетақысы жыл басында 10,5 пайызға көбейіп, ең төменгі зейнетақы мөлшері 53 076 теңгені құраған. Сонымен қатар арнаулы жәрдемақы алушылардың да қаражаты көбейген.

Аудандық азаматтық хал актілерінің тіркеу бөлімінің басшысы Айжамал Ақбергенова 2023 жылдың екі айына қорытынды жасады. Бөлім басшысының айтуынша, онда тек 3 қызметкер жұмыс жасайды. Қазіргі таңда қызметтер ЕГОВ, СМС, ҮАЖ және бэк-офис арқылы көрсетіледі. Сонымен қатар жеке және заңды тұлғалардан ешқандай арыз-шағым түспеген. Статистика бойынша соңғы 2 айда 271 өтініш қабылданып, азаматтарға табысталған. Сондай-ақ аудандағы халыққа қызмет көрсету бөлімі гимаратында салтанатты түрде неке кию, тууды тіркеу, алғашқы жеке куәлікті, зейнеткерлік куәлікті табыстау сияқты шаралар өтетінін айтты.

Жиында Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаменті аудандық бөлімшесінің басшысы Светлана Кубенова да бөлім қызметтеріне тоқталды. Оның айтуынша, жерге орналастыру қызметі бойынша 301 жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттары, 72 жер учаскесінің кадастрлық құнын бағалау қызметі жасалған. Жалпы бөлімшенің қызметіне заңды және жеке тұлғалардан түскен арыз-шағым жоқ екенін айтады.

Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет те 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстарды баяндады. Бөлім басшысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 2023 жылға туристтерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері айлық есептік көрсеткіштің 0,2 мөлшерінде бекіту жайлы шешіміне келісім беруді сұрады.

Сонымен қатар кеңесте келесі мәселе бойынша аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Қанат Шамшатұлы да баяндама жасады. Осылайша кеңес мүшелерімен алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға қатысты ұсыныстар мен пікірлер айтылып, қорытындыланды. Күн тәртібіндегі мәселелер толығымен қаралып, бірауыздан мақұлданды.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Тағзым

Менің ардақты ата-анам

«Ой-хой дүние серуен, адам бір көшкен көруен. Дүниені қызық қалдырып, асамыз өмір белінен» деген Жамбыл ақынның жыр жолдары ойға оралғанда осынау сауық-сайран дүние бізден де бір күн өтеді-ау деп ой көшейі тура алар ма адам баласы?! Жылдар алға жылжыған сайын бір кездері жанымызда болған жақсы адамдар көз алдымыздан келбей өтеді. Өмір белінен асқан ардақты ата-анам еске түседі. Ата-анамызға бізді осынау жарық дүниеге алып келгеніне мың да бір тағзым ете отырып, олардың рухына Құран бағыштап отырудан басқа қолымыздан келер қайран бар ма?!

Әкем Шәріп Тасымбайұлы 1909 жылы Жалағаш ауданында туған. 1993 жылы 84 жасында дүниеден өтті. Кіші жүздің ішінде Токберлі табын руынан тарайтын. Әкем Ұлы Отан соғысының ардагері еді. Екінші Дүниежүзілік соғыс басталған кезде майданға аттанып, Сталинград шайқасына қатысқан. Ауыр жарақат алған соң, елге оралып, соғыстан кейінгі жылдардың қиындығын өлмен бірге өңгерген азамат еді. Бірнеше рет мемлекеттік медальдармен марапатталды.

Анам Жаңыл Қаратақызы 1919 жылы туған. 1998 жылы 80 жасында дүниеден озды. Анам 10 ағайынды болған екен. Сонау 1930 жылдары, ел басына түскен наубат – аштық жылдарында туғандарынан айрылып қала берген. Жалғыз апасы Құлханымды Өзбекстанға күйеуге беріпті. Ол

кезде өзі 11 жаста екен, нағашыларының қолында өсіпті. Бала кезінен көрген қиыншылығын әңгімелеп айтып отырушы еді, қарықтық.

Әкемізбен 1940 жылы бас қосып, тұңғышы Тоқымырза 1 жасқа келгенде, ері майданға аттанады да, 80 жасқа таяп қалған қарт атасымен бірге елде қалған екен. Соғыс кезінде Ұлы Жеңіс күнін жақындату үшін халықпен бірге таңның атысынан күннің батысына дейін тылда бел жазбай, тынымсыз еңбек еткен. Өзі жас келіншек, аяғының ауырлығына қарамастан соғысқа аттанып бара жатқан эшалонға бірнеше шақырым қашықтықтан шөлкетеп су тасығанын айтып отырушы еді. Соғыс жылдары өзге ұлт өкілдерінің елімізге қоныс аудару кезінде Ленинград блокадасында жетім қалған орыс балалары мен шешен

халқының өкілдеріне қамқор көңілмен қол ұшын созаған қазақ аналарының бірі, тыл ардагері еді.

Әкем соғыстан кейінгі жылдары механик болып жұмыс істеді. Одан соң Жалағаш ауданындағы кәсіптік мектепте зейнет жасына дейін ұстаздық қызмет атқарды. Партия мүшесі болды. Ұлағатты ұстаз ретінде жас мамандарды тәрбиелеп, еліміздің ауыл шаруашылық саласына үлкен үлесті қосты. Сонымен қатар аудандық соттың алқа билерінің мүшесі болды. Ауданның тыныс-тіршілігі мен қоғамдық-саяси іс-шараларына белсенді қатысып, елдің мұңын мұңдаған, қолынан келгенше жақсылық жасаған елдің игілігі үшін жан аямай жұмыс істеген абзал азаматтардың бірі болды.

Ата-анам он бала сүйіпті, бірақ төртөуі бала кезінде шетінеп кетеді де, аман-есен



алты баласын өсіріп, жетілдірген. Біз үш ұл үш қыз едік. Ата-анамыз бізге жақсы тәрбие беріп, беріміздің жоғары білім алуымызға жағдай жасады. Біріміз білікті дәрігер, біріміз кәсіби инженер, біріміз ұлағатты ұстаз болып, осы туып өскен өңіріміз – Сыр бойында адал еңбек еттік, жан-жағымызға жақсылық нұрын шашуға ұмтылдық. Аллаға шүкір, бүгінде ауылы ата-анамның алты баласынан тараған ұрпақ 23 нөмере, 49 шөбере және 13 шөлшек екен.

Саялы бәйтеректей тамыры тереңге тартқан ардақты ата-анам, рухың шат болсын!

Гүлайым ШӘРІПҚЫЗЫ, Денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Еңбек ардагері» медалінің иегері

Тазалыққа баршамыз жауаптымыз

Сенбі. Еңбек күні аясында ауданда жаппай сенбілік ұйымдастырылды. Аудан халқы, ойын баласынан еңкейген қарияға дейін таң атысымен тазалық жұмыстарына кірісіп кетті. Тазалық жұмыстарына тұрғындар бірігіп, бір кісідей белсене атсалысты. Аудан аумағында орналасқан кәсіпорындар аумағы, гүлзарлар мен саябақтар, арық-атыздар мен аудан көшелері қоқыстан тазартылып, ақтеу, сырлау жұмыстарымен қатар қураған тал бұтақтары кесілді.

Жаппай сенбілікке бөлінген аймақтар бойынша 153 мекемеден 2100-ге жуық адам қатысып, 33 дана техника жұмылдырылды. Сенбілік барысында жұмыстардың жүру қарқынымен аудан әкімі Асқарбек Есжанов толықтай танысып шықты. Асқарбек Темірбекұлы ойын алаңдарының сыртқы қоршауларын сырлау, талдарды ақтеу, парктөр мен аллеяларды тазалау жұмыстарын сапалы аяқтау қажеттігін жеткізді. Тазалық жұмыстары барысында мұнан бөлек жабабы шөптер шабылып, аяқ су жүретін арықтар тазартылды, 27 тоннаға жуық күл-қоқыс белгіленген орындарға шығарылды. Жиналған қоқыстарды шығаруға Жалағаш кенті бойынша «Пром Комерц КА» ЖШС-ның

техникалары, ауылдық округтер бойынша шаруа қожалықтардың техникалары жұмылдырылды.

– Жалағаш – біздің ортақ үйіміз. Сондықтан да оның көркейіп гүлденуіне әрбір тұрғын бейжай қарамай, бір адамдай ат салысу керек. Қоқыс-қалдықтарды кез келген жерге лақтырмай, таза ұстауға ат салысу қажет. Өйткені ортақ үйіміздің көркеюі табалдырықтан басталатыны белгілі. Осыны жастарға сабақ ету мақсатында мен де тазалық жұмыстарына таң атысымен шықтым. Сенбілікке шыққан жастарды көріп риза болдым, осы тазалық шарасы арқылы тұрғындар қаймағы бұзылмас ынтымақ пен бірліктің өрен үлгісін көрсетіп отыр. Ең бастысы, тазалық

денсаулықтың кепілі екенін естен шығармағанымыз жөн, – дейді кент тұрғыны Алтынай Омарова. Ойын балалары да тазалықтан құр қалмады. Мәселен, мектеп оқушысы Нұрсұлтан да ойынды оқысырып, сенбі таңын тазалықпен бастады. Тазалықтың төркінін отбасынан үйренген Нұрсұлтан табиғат жанашыры екенін көрсетті. – Мен қазір 7 сынып оқимын. Ата-анам кішкентай кезімнен тазалықты үйретіп, атаммен бірге тал егіп, табиғаттың көркеюіне кішігірім болса да өз үлесімді қосып оты-

рамыз. Осындай жылы күндері өсіресе біз қатты қуанамыз. Себебі таза ауада доп қуалап, кешке дейін ойынға тоймайсың. Бірақ ең алдымен үй ауласың, мектеп айналасын тазалап, тәртіпке келтіріп алу керек. Сондықтан да мен және менің достарым сенбіліктен қалмауға, қоқыс шашпауға тырысамыз. Балаларға айтарым, туған ауылымызда тазалық орнатпайық. Қоқыс шашпайық, төртіп тазалықтан басталады, – деді ол. Адам – табиғаттың төл перзенті. «Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ,

оны айтатын табиғаттың тілі жоқ» деп бекер айтылмаса керек. Жүрегіңде табиғатқа деген қамқорлық, мейірімділік сезімдерін ояту әрбір адамның азаматтық борышы болуы тиіс. Өз денсаулығымыз мықты болсын десек, қоршаған орта тазалығына баса назар аударайық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын айтып жүргені белгілі. Сондықтан сенбіліктің қоғамның назарын аудан көшелерінің тазалығын сақтауға аударып, эко-

логиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызы зор. Ендеше жұрт үшін көтерілген бастамаларды жүзеге асыруда жаалағаштықтар жұмыла іс қылудан танбаса, ауданның көркейіп-кегәлдануына әрбіріміздің қосқан үлесіміз болар еді. Күн санап көркейіп келе жатқан кентіміз де аз ғана уақыттың ішінде шырайланбақ. Сана тазарса, айналалымыз да айналды таз болатыны анық.

Ақнұр АЛТЫНБЕК



Марафон

Спорт – денсаулық кепілі. Салауатты ұрпақ – мемлекет тірегі. Қазақ спортының мәртебесін көтеру және барынша қолдау Мемлекет басшысының тұрақты назарында. Осы бағытта ауданымызда салауатты өмір салтын қалыптастыратын түрлі спорттық шаралар өткізілуде. Соның тағы бір айғағы – «Қазақстан бүгін – болашақта» тақырыбы аясында аудан жастарының қатысуымен өткен ұзақ қашықтыққа жүгіру марафоны.



Спорт – денсаулық кепілі

қаралық спортты дамытуға атсалысу және аудан тұрғындары арасында қоғамдық санада сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне жол бермеуді қалыптастыру болды. Жарыс жеңімпаздарына аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтің дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табыстады. Шара басталмас бұрын Жандос Маратұлы кент көшелері бойынша белгіленген жолсызба этаптарымен қоса ережесін де таныстырды. Марафон кезінде полиция қызметкерлері де жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Қатысушылар орталық стадионнан басталған жарыста 3,5 шақырым қашыққа жүгіріп өтіп, орталық стадионға қайта табан тіреді. Жарыс әділ өтуі үшін қатысушылар жүгіріп өтетін жолдарда терешілер қарап, бақылап тұрды. Сонымен қатар камера желісі арқылы да бақыланды.

Марафон тартысты өтіп, бесінші орын иеленгендерге дейінгі аралықта ақшалай сыйлықтар берілді. Бірақ жеңімпаз спортшылар арасында келісім жасалып, алтыншы және жетінші орын иеленген қатысушыларға өз ақшаларынан үлестіріп, оларға да ақшалай сыйлықтар табыстады. Марафон осылайша тартысты өтіп, V орынды иеленген Тұрсынбай Аслан 25 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. IV орын иеленген Қайратұлы Асқар да осындай қаражатқа қол жеткізді. Бисембай Асқар III орын иеленіп, 30 мың теңге иеленсе, Скендір Нұржан II орынмен марапатталып, 50 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. Марафондағы 3,5 шақырымды жүгіріп өтуде басқа қатысушылардан оза шаққан Жаңаталап ауылының спортшысы Әбжәлиев Еркін жүлделі I орынды иеленіп, 70 мың теңге қаражатқа қол жеткізді. Айта кетейік, Еркін 3 маусым күні Реміздер күніне орай өткен қашыққа жүгіру марафонында да жүлделі I орынды иеленген.

болды. Осы шараны бірлесіп отырып ұйымдастырған «Темірқазық» қоғамдық бірлестігі мен «Наркескен» спорт клубына алғысым шексіз. Аудан жастарының аудан тұрғындарының барлығын спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамын, – дейді Еркін Әбжәлиев. 50-ге жуық аудан тұрғыны қатысқан марафон жоғары деңгейде өтті. Салауатты өмір салтын қалыптастыру дәне тәрбиесінің маңызы зор. Жастарды болашақтың тірегі болатын денсаулығы мықты азамат ретінде қалыптастыру керек. Бір сөзбен айтқанда, спорт – барлық тәрбие атаулының бір саласы. Оның түп қазығы – қозғалыс, ал қозғалыссыз тіршілік жоқ. Спорт сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі – соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда, баспадағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты, болмақ.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Бәрекелді!

Өнертапқыш Фархад

Ғылым-білім дамып, өркениет өрлеп тұрған заманда білімді, білгір ұрпақ қалыптасуы заңдылық. Егемен еліміздің ертеңі, кемел келешегіміздің кепілі болған жастар жаңашылдық пен ғылымға әуес. Еліміздің әр өңірінде талантты талғайды тамсандырып, білімімен көзге түсіп жүрген жастар да жоқ емес. Осы тұста жыл сайын оқушылардың өнертапқыштық пен шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауы ұйымдастырылып тұрады. Оған да аталған байқау жалғасын тауып, аудандық кезеңі өтті. Бұл ауданға қарасты білім ошақтарынан 10-нан аса оқушы қатысып, бақ сынады.



дерінен I орын иеленіп, республикалық байқаудан арнайы сертификат жөніп алған. Айта кетейік, бұл Тамерланның алғашқы жеңісі емес. Ол ұстазы Ғалымжан Абатұлымен бірге 2017 жылдан бастап түрлі байқауларда бақ сынап келеді. Дәл осы сайыстың номинациясы бойынша III орынды иеленген. Білікті маман 2017 жылдан бастап «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» атты инновациялық идеялар байқауына оқушыларын қатыстырып, нәтижесінде толағай табыстарға жетіп жүр. Бүгінге дейін Ғалымжан Сейтжановтың жас өнертапқыштармен бірге авиация саласындағы жобалар, космоновтика және аэрокосмос техникасы, автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу, су көлік саласындағы техникаларды құрастыру тақырыптары аясында бірлесіп жасаған жұмыстары қазылар алқасының көңілінен шығып, марапат төрінен көрінген. Соның бірі – жоғарыда айтып өткеніміздей, Фархадтың республикалық байқауға жолдама алуы. Талантты жастың жетекшісі Ғалымжан Сейтжановтың оқушысының әлі талай жетістікке жететініне сенімі мол. – XXI ғасыр – білім мен біліктіліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына қарай бейімделу арқылы ғана

қабілетін арттыра алады. Сондай-ақ «Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, өзгерістердің қозғаушы күші. Сондықтан ескелең ұрпақтың осындай өлеуетін дұрыс арнаға бағыттап, тиімді пайдалануымыз керек» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз мәңгелестерінде айтқан болатын. Заман өзгерістерінен тыс қалмай, өзінің жаңа технологиялық жетістіктерімен ғаламды мойындату – бүгінгі жас ұрпақтың үлесіне тиген үлкен мүмкіндік. Осы орайда келешегін ғылыммен байланыстыратын жас шәкірттердің өңбегін көпшілікке жиі таныстырып, мүмкіндік болып жатса, өзге өңірлерге тәжірибе алмасуға жіберіп тұрсақ деген ниеттеміз. Расында XXI ғасыр – ғылым мен білімнің, жаңа технологияның дәуірі. Осы тұста жастардың ақыл-ойы мен күш-жігерін өнертапқыштық салаға икемдеп, технологияны жетік меңгеруіне жүйелі түрде жұмыс жасап келеміз, – дейді, жетекшісі Ғалымжан Абатұлы. Әрбір шәкірті тәрбиелеуде білім мен өнерді ұштастырып, шәкіртің дарынын дамытып, қолдау көрсетіп жүрген Ғалымжан ұстаздың өңбегі ерөн ҚР Білім және Ғылым министрінің «Құрмет» грамотасымен марапатталған білікті маманның шәкірті талай байқауларда топ жарып, аудан намысын қорғайтыны анық.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ

Сайыстың басты мақсаты – техникалық мамандықтардың өлеуетін арттыру. Бұл сайыста оқушының білімі де, ойлау қабілеті де сынаға түседі. Байқауға қатысушы оқушылардың біреуі архитектураға қызығып, түрлі макет жасаса, енді бірі робототехника саласын тандаған. Байқауға қатысушылардың бірі – Фархад Муратбек. Ол – аудандағы Шекер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектептің 7 сынып оқушысы. Мектеп оқушысы өз жобасын I айдан астам уақыт бойы дайындаған. Ол байқау барысында «Су көлігі саласындағы техникаларды құрастыру» номинациясы бойынша I орынды иеленді. Жас өнертапқыш облыстық байқауда аудан атынан қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп, республикалық байқауға жолдама алды. Қуанышты хабарды ести сала еріптісім екеуміз қоғам қайраткері атындағы мектепке бет алып, ұлағатты ұстаз бен талантты жаспен тілдесуді жөн көрдік. Мектепке кіргеннен көздің жауын апар көркем қолөнерлер көзімізге оттай басылды. Ғалымжан Сейтжановтың шәкірттерімен бірлесіп жасаған жұмыстары бір бөлмені бұтіндеп тұр. – Мен бұл кемеңің ерекшеліктерін ғаламтор желісінен байқап, жетекшім Ғалымжан Сейтжанов ағайдың нұсқаулығымен жасадым. Бұл кеме 2014 жылы Францияда «EURONAVAL 24» атты көрмеде прототипі таныстырылған. Бұл кеме ТРИМАРАН 4000 XWIND стелс стилінде жасалды. Ұзындығы – 130-140 метр, ал өзі 40 метрге жуық. Бұл кемеңің Француздар 2030 жылғы құрастырып шығаруды жоспарлап отыр. Бұл кемеңің ерекшелігі ол басқа кемелердің радарына көрінбейді және

жаңа үлгідегі радиоэлектрлік станция жүйесі қойылады деп жоспарлануда. Бұл жүйе кемеге радиоэлектрлік шабуылға қарсы тұра алады. Қару есебінде жаңа үлгідегі лазерлік қондырғылар орналастырылған және кемеді екі басқарушысыз тікұшақ бар. Бұл аппараттар теңізде, мұхитта жүргенде оларды аспанға ұшырып, жан-жақтарына барлау жұмыстарын жүргізе алады. Бұл кемеңің тағы бір ерекшелігі, оның тұмсығында. Ол теңізде қатты толқындар болған жағдайда толқынды кесіп өтіп, кемеңің жылдамдығына әсер етпейді. Сондай-ақ басқа кемелерге қарағанда толқында өзін жақсы ұстайды. Алға қарай жүріп, оңға, солға бұрыла алады. Бұл кемеңің өз елімізде құрастырып шығаратын болсақ, Қазақстан Республикасының әскери теңіз флотына шекармамызды қорғауда аса көп көмегін тигізер еді, – дейді жас өнертапқыш. Мектеп мақтаншы Фархадтың әскери кемелерге деген қызығушылығы жоғары. Ол өзінің қызығушылығының арқасында осы кемеңің жасауды қолға алғанын, болашақта әскери маман болғысы келетінін жеткізді. Фархадтың жетекшісі Ғалымжан Сейтжанов – 27 жылдық еңбек өтілі бар тәжірибелі ұстаз, білікті маман. Шәкірттерін шыңдауда шаршамайтын қолөнер шеберінің оқушыларымен жеткен жетістіктері жетерлік. Бүгінге дейін ол бірнеше оқушыны үлкен сайыстарға дайындап, республикалық жарыстардан да жүлдемен оралған. Мәселен, өнертапқыш шәкірттерінің бірі Тамерлан Алдамжаров «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының республикалық байқауының аудандық, облыстық кезең-

Маман мерейі

Мәртебесі биік мұғалім

Ұстаз деген ұлы есімді естігенде көз алдымызға жарқын мінезді, ақ жүректі, жылы жүзді бейне елестейтіні сөзсіз. Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Бала тәрбиелеуде үздіксіз қызмет етіп келе жатқан Манат Маханбетова – аудандағы Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің педагог-зерттеуші, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.



Қасиетті мамандықтың қадірін түсімей жүрген асыл жанмен жүздесу үшін арнайы қайраткер атындағы алтын ұяға қадам бастық. Өзі ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құя білген Манат алайдың көзқарасынан-ақ баланы оқытуда аянбай тер төгіп, ұрпақтың ұлы мұраты жолында талмай еңбек ететін ұлағатты ұстаз екені көрініп тұр. Ұлағатты ұстаз орыс тілі мен әдебиетіне қызыққан шәкірттеріне сапалы білім беруде оң бағыт-бағдар, дұрыс жол көрсетуде. «Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан» деп Абай хәкім айтпақшы, әрбір шәкірт жеңіске жетіп жатса, оның артында ұстаздарымыздың бір тамшы болса да еңбегі барын ұмытпауымыз қажет. «Еткен еңбегің міндетті түрде жемісін береді» дейді Манат апай. Оған дәлел оның шәкірттері бүгінге дейін біраз жетістіктерге қол жеткізген. Мәселен, оқушылары орыс тілі мен әдебиеті бойынша көптеген республикалық, облыстық, аудандық, жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадалардың жеңімпазы атанған. Атап айтсақ, Айсулу Пайзрахманова облыстық лингвистикалық олимпиаданың III орын иегері атанса, Аружан Бақытжан аудандық «Пушкин оқуларынан» I орын, «Экология және біз» тақырыбында эсселер байқауынан Фариза Меңлібай III орын иеленген. Сондай-ақ жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық олимпиададан шәкірті Айсулу Пайзрахманова былтыр I орын иеленіп, облыстық байқауда III орынға тұрақтады. Биыл дәл осы олимпиаданың аудандық кезеңінен Нұрсәуле Бақдәулет I орын алып, облыстық кезеңде үздік үштікті түйіндеді.

Сондай-ақ дәл осы республикалық олимпиаданың 5-6 сынып оқушыларына арналған аудандық, облыстық кезеңінде 5 сынып оқушысы Данияр Мырғамыр I орын иеленіп, республикалық кезеңнен II орын алып, жеңіс тұғырынан көрінген. Ақылшы ұстаз ерқашан өзінің мол тәжірибесін жастарға үйретуден жалыққан емес. Саналы ғұмырын өзі сүйген қызметке арнап, баршаның ардақтысына айналған ұлағатты ұстаздың жетістіктері де жоқ емес. Ол – жақсы ұстаз ғана емес, білікті маман педагог-зерттеуші. Оның өлеулі өңбегі қашанда ескерусіз қалмайды. Білім саласындағы жемісті өңбегі үшін ол облыс, қала әкімдерінің, республикалық кәсіподақ ұйымының алғыс хатымен және білім беру ұйымдарының дипломымен марапатталған. Сондай-ақ облыстық тамыз кенесі аясында «Разработка заданий для оценивания по русскому языку и литературе» тақырыбы аясында шебер сынып көрсеткіші үшін арнайы алғыс хатпен марапатталып, облыстық білім басқармасының республикалық олимпиада жеңімпазын дайындағаны үшін арнайы алғыс хат та иеленген. Бұдан бөлек «Үздік мектеп тренеры» байқауының аудандық, облыстық кезеңінің жүлдегері. «Үздік авторлық бағдарлама» байқауының облыстық кезеңінің I орын иегері. Республикалық «Педстарт Дарын» олимпиадасында I орынды жеңіп алған білімді ұстаз. – Әр оқушының өзіне тән өлемі бар. Әрқайсысының мінезі мен қабілеті әртүрлі. Бірнеше жылдық еңбек жолында алдымнан түрлі оқушылар өтті. «Ертеңгі күннің өңбегі бүгінгі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты» десек, білімді тәрбиелеп, оларды тұлға етіп қалыптастыруда қажырлы еңбек етіп, тер төгуіміз қажет. Жастардың білімінің ең биік шыңдарын бағындыруға жасаған алғашқы қадамдарының бірі – жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадалар мен білім сайыстары және ғылыми жобалар. Бұл тұста мектебіміздің дарынды оқушылары республикалық олимпиадаларға облыс атынан қатысып, аудан абыройын асқақтатып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Осындай дарынды шәкірттерінің жанына нұр құйып, ерқашан білімнің тәбиғи биіктігіне, жас мамандарды өз ісінің мықты маманы болуға қайрап жүретін кейіпкеріміздің өңбегі – болашақ жастарға өнеге.

Ақтоғы БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық

“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2840 Тапсырыс № 1518